

Халықаралық мемлекеттік атаулы күн, мерекелер. Ұлттық мейрамдар

орындады: студент 1курс

ПМНО-102

Мақатова Айгерим

тексерді : Омірбаева Куляш

Охаскызы


ALTAYNNEWS.KZ

Қазіргі Қазақстан мәдениетіндегі халықтық мейрамдарды дамыту үдерісі үш бағытта жүргізілуде деуге болады:

- 1) Күнтізбелік циклдарға негізделген дәстүрлі халық мерекелерін қайта жанғырту (Наурыз, Қымызмұрындық, Мизам, Соғымбасы);
- 2) Тарихи, мәдени және рухани мұраға негізделген мерекелік іс-шараларды дәстүрлі ету (Мысалы, Ораза айт, Құрбан айт, Мәуліт, Қазақ хандығының көсемдері мен батырларының мерейтойлары және т.б.);
- 3) Егемендік алу аясындағы тарихи оқиғалар мен құндылықтарға негізделген жаңа мерекелерді дәріптеу (Мысалы, Егемендік мерекесі, Қазақстан халқының ынтымақтастық күні, Қазақстан халқы ассамблеясының күні, Конституция күні, Астана күні және т.б.).

Күнтізбелік циклдарға негізделген дәстүрлі халық мерекелері, Наурыздан басқасы, қазақ халқы көшпеліліктен отырықшылық өмір салтына өткендіктен өз маңыздылығын жоғалтты деуге болады. Олардың пайда болуы көшпелі өмір салты мен еңбекке негізделгендігі хақ.





Адам баласының тіршіліктегі негігі мақсаты тек еңбек етіп, өмірге қажетті материалдық байлықты жасап, отбасын құрып, ұрпақ өсірумен шектелмейді. Олар қоғам құрып, өзінің мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін дамытып, ұлт болып қалыптасады. Егер де жеке адамның өмірі табиғаттың заңы бойынша шектеулі болса, ұлттың өмірі қаншалықты ұзақ болуы, сол ұлтты құрайтын адамдардың өмір сүре білу қабілетіне байланысты. Ал ұлт болу үшін оның – тілі, діні, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері болуға тиіс. Сол ұлттың осындай басты белгілері сақталып, әрі қарай дамитын болса, оның ұлттық санасы қалыптасып, ол өзінің ұлттық мемлекетін құруға негіз болады. Осындай ұзақ мерзімді даму процесінде әрбір ұлттың басынан өткерген елеулі тарихи оқиғалар, оның өмір салтына байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-жоралар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ол сол ұлттың әр кез есіне алып, атап өтіп отыратын ұлттық мейрамына айналады.



Заңға сәйкес Қазақстан Республикасында ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, кәсіби және өзге де мерекелер атап өтіледі.

Ұлттық мерекелер — Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелер. Ұлттық мерекелерді мейрамдау кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізіледі.

Мемлекеттік мерекелер — қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін мерекелер. Мемлекеттік мерекелерді мейрамдау кезінде ресми іс-шаралар өткізілуі мүмкін.

Кәсіби және өзге де мерекелер — ұлттық және мемлекеттік мерекелер мәртебесі берілмеген, азаматтардың жекелеген санаттары атап өтетін мерекелер.

Мерекелік даталар тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді

Қазақстан Республикасында атап өтілетін мерекелер

Қазақстан Республикасында ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, кәсіби және өзге де мерекелер атап өтіледі.

Ұлттық мерекелер - Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелер.

Ұлттық мерекелерді мейрамдау кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізіледі.



Қазақстан Республикасында атап өтілетін мерекелер

Мемлекеттік мерекелер - қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін мерекелер. Мемлекеттік мерекелерді мейрамдау кезінде ресми іс-шаралар өткізілуі мүмкін.

Кәсіби және өзге де мерекелер - ұлттық және мемлекеттік мерекелер мәртебесі берілмеген, азаматтардың жекелеген санаттары атап өтетін мерекелер.





Ұлттық мерекелер

Қазақстан Республикасындағы Ұлттық мереке - 16-17 желтоқсанда атап өтілетін 16-желтоқсан - Тәуелсіздік күні.

Мемлекеттік мерекелер

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мерекелер - мына күндері атап өтілетін мерекелер:

1-2 қаңтар - Жаңа жыл;

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;

21-23 наурыз - Наурыз мейрамы;

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;

7 мамыр - Отан қорғаушы күні;

9 мамыр - Жеңіс күні;

6 шілде - Астана күні;

30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні.

1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні.



A night sky filled with many glowing paper lanterns, with a crowd of people silhouetted against the light at the bottom.

КОНЕЦ